

GTAMP 16.21.61.

ЖАЛПЫҚОЛДАНЫСТАҒЫ СӨЗДЕРДІҢ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ САЛАСЫНДА ТЕРМИНДЕНУ ЖОЛДАРЫ

КАРАГУЛОВА Б.С. ^[0000-0002-6425-6561], **ЖЕКЕЕВА А.Т.** ^[0000-0002-0058-9738]

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

e-mail: bkaragulova@mail.ru, agu_93.20@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада заманауи технологиялардың қарқынды дамуына байланысты, сондай-ақ ғылым, білім беру салаларының барлығы да ақпараттық құралдар арқылы жүзеге асуына байланысты қолданылатын тілдік единицалардың басымы ақпараттық технологияларды пайдалануға қатысты сөздер екендігі айтылып, сол ақпараттық технология саласындағы терминдерді жасау барысында терминжасам тәсілдері арқылы жалпықолданыстағы сөздердің терминдену жолдары сөз болады. Ғалымдар ұсынған классификацияға сәйкес, терминдерді құру тәсілдері ақпараттық технологиялар терминдерін құруда өз орнын алады. Әлем тілдері арасында жалғамалы тіл тобына жататын қазақ тілінде жаңа атау жасауда сөз тудырушы жұрнақтардың яғни синтетикалық тәсілдің, жалпы қолданыстағы сөздердің қайта жаңғыруы яғни семантикалық тәсілдің және сөзтіркесімнің яғни синтаксистік тәсілдің қолданылуы терминдерді құруға үлкен үлес қосатындығы сөз етіледі.

Жалпы сөздердің терминологиясы көбінесе тілде бұрыннан бар ұғым мен терминологияда аталған ұғым арасындағы кейбір ұқсастықтарға байланысты болып келеді. Бұл заттардың немесе құбылыстардың ұқсастығының, кеңістіктегі не уақыттағы шектестігінің, жақындығының немесе олардың функцияларының ұқсастығына негізделіп жасалады. Сөздердің мағыналық жағынан ұқсастығына қарай, заттың сыртқы түрінің ұқсастығына немесе атқаратын қызметінің ұқсастығына қарай жалпылама қолданылып жүрген сөздер терминденеді. Ақпараттық технологияға қатысты термин сөздердің де жалпы ұлттық сөздерден жасалуы кезінде өзара іштей ұқсас жақтарын көруге болады. Жалпы сөздерді қолдана отырып, әр термин үшін ана тілімізден баламалы эквивалентті табу термин жасаудың негізгі ережесі екендігіне көзіміз жетті.

Түйін сөздер: Ақпараттық технология, терминжасам, жалпықолданыстағы сөздер, терминдену, синтетикалық тәсіл, синтаксистік тәсіл, семантикалық тәсіл.

Кіріспе. Қазіргі заманғы технологиялардың дамуына, сондай-ақ ғылым мен білімнің барлық салалары ақпараттық құралдар арқылы жүзеге асырылатындығына орай қолданылатын тілдік бірліктердің көп бөлігі ақпараттық технологияларды қолдануға байланысты сөздерден тұратыны белгілі. Осы уақытқа дейін ақпарат саласына қатысты терминдер орыс тілі негізінде қолданылған. Алайда, қазақша атауларын енгізу қажеттілігі бүгінде өзекті мәселеге айналды.

Терминдер ұлттық тілдің лексикалық қорынан алынып, мағынасы бойынша пайдаланылуы немесе басқа елдердің тілдерінен қабылданып, дайын түрде қолданылуы

мүмкін. Сонымен қоса әр тілдің сөзжасам жолдары, тәсілдері бар. Басқа тілдерден даяр атауларды алмай ұлт тілінде термин жасау кезінде осы тәсілдер қолданылады.

Негізгі бөлім. XX ғасырда ғылыми тілді дамытуда терминдерді құрудың көптеген принциптері жасалды. Терминді құру принциптерін анықтау, әрине, А. Байтұрсынұлынан басталды. Ғалым аталған мәселе жөнінде былай дейді: «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа ауыз тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілдің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі пәнсөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып, сөз табуымыз керек» [1,37].

Бір кездері ұлттық тілде термин ойлап тапқан ұлт зиялылары тілді жақсы білетіндігін, сонымен қатар тіл заңдылықтары мен сөзжасам тәсілдері туралы хабары мол болғандығын байқауға болады. Бұған өткен ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлының басшылығымен Қазақ ғылыми тілінің қалыптасуына қатысқан алаштықтардың еңбектерімен жасалған және жазылған терминдер дәлел бола алады.

Талдау. Терминдену тәсілімен жасалған қазақ тілінің терминологиялық лексикасының басым бөлігі ұлттық әдеби тілдің жалпы қолданылатын сөздерінің негізінде жасалған деп айта аламыз. Жалпықолданыстағы сөздер терминденудің барлық жолдары арқылы терминдене алады. Ұлттық тіл терминологиясының ең өнімді әдістерінің бірі – қосымшалар арқылы (синтетикалық) сөз жасау тәсілі деп саналады. Сөзжасамның бұл түрін тіл білімінде синтетикалық тәсіл немесе морфологиялық тәсіл деп атайды. Жалғамалы тілдерде синтетикалық тәсіл туынды сөздерді құрудың ең негізгі және өнімді тәсілдерінің бірі болып табылады. Түбірге жұрнақтарды қосудың әдісімен жасалған жаңа терминдер өте көп. Осы тәсіл арқылы туындайтын сөздер екі тілдік бірліктің қатысуымен жасалады. Олар лексикалық мағыналы сөз және сөзжасамдық жұрнақ: *тыңдауыш-тыңдау+ыш-наушник, жүгіртпе-жүгіру+t+ne-беунок, кітапша-кітап+ша-брошюра, сақтағыш-сақтау+ғыш-флешка, кіресін-кіру+e+сін-входящий, шығасын-шығу+a+сын-исходящий, қанатша-қанат+ша-галочка, жүктеуіш-жүктеу+іш-загрузка, егелік-еге+лік-домен, түймешік-түйме+шік-кнопка, таңбалауыш-таңба+лау+ыш-маркер, белгіше-белгі+ше-значок, құндақ-құн+дақ-кассета, таңбаша-таңба+ша-пиктограмма, құрсаулау-құрсау+лау-блокировка, бекемдеу-бекем+деу-закрепить, оралту-оралу+ту-обратить, теңшеу-тең+шеу-настроить, қимылдау-қимыл+дау-анимация, кеңейме-кеңею+ме-расширение.*

Біздің тіліміздің сөзжасамдық жұрнақтарын толық лексикалық мағынасы бар сөздермен, Ақпараттық технологиялар саласындағы терминдермен байланыстыру арқылы

жасалған сөздер, туынды терминдердің тұлғасы да белгілі бір схема бойынша жасалғанын түсінуге болады. Осы ұғымдар жүйесінің ішкі байланысы мен жүйелік ерекшеліктері анықталады, яғни бұл әдіс нәтижелі қолданылатын әдістердің бірі болып табылады.

Қазақ терминологиясында терминнің грек-латын сөзжасамдық бөліктері (терминоэлементтер) жиі кездеседі. Ақпараттық технология саласында веб-құрамдас, веб-торап, веб-бет секілді термин сөздері бар. Ағылшын тілінен алынған Web - тор, желі мағынасында аударылып, интернет кеңістігінде пайдаланушылардың өзара әрекеттесу құралдары, технологиялары мен тәсілдерінің кешені, қарапайым тілмен айтқанда, бұл монитор экранында және желідегі ақпаратпен қалай әрекеттесетініңізді көруге болатын жүйе.

Бұл сөздердің көпшілігі біздің тілімізге орыс тілі арқылы дайын түрде қабылданды. Алайда, профессор Ш. Құрманбайұлы атап өткендей, бұл халықаралық терминдер үлгісінде көрсетілген терминдердің бөліктерін пайдалана отырып, ұлттық тіл негізінде жасалған терминдер екенін де көруге болады. [2,564]. Мысалы, *веб-бет/веб-страница, веб-құрамдас/веб-компонент, веб-торап/веб-узел*.

Терминология үшін тіліміздің байырғы сөздерінің есебінен кез-келген арнайы өріске жаңа терминдерді қосу кезінде белгілі бір заңдылықты сақтау өте маңызды. Бұл ең алдымен терминологиядағы реттілікті бұзбау үшін қажет. Кейбір терминологтар терминологиядағы реттілікті терминологияның негізгі қағидасы деп санайды.

Бүгінгі уақытқа дейін біз бұл термин шет тілдерінен, соның ішінде латын, грек тілдерінен алынған терминологиялық элементтерді қолдану арқылы жасалса, терминологиялық консистенция сақталады деп ойладық. Ана тіліміздің ішкі мүмкіндіктерін пайдалана отырып, ұлттық тілде терминомәдениетті дамытуға, ұлттық лексикамызды жүйелі түрде қалыптастыруға ғылыми негіздеп, осы бағытта практикалық терминологиялық жұмыс жүргізуге болатыны қолға алынып келеді.

Жалпы сөздердің терминологиясы көбінесе тілде бұрыннан бар ұғым мен терминологияда аталған ұғым арасындағы кейбір ұқсастықтарға байланысты. Бұл заттардың немесе құбылыстардың ұқсастығына, кеңістіктегі немесе уақыттағы шектеулерге, олардың функцияларының жақындығына немесе ұқсастығына негізделген. Ғалымдардың еңбектерінде әр түрлі аталатын терминжасамның осы әдісі соңғы жылдары кеңінен қолданылады. Бұл процестің өзі бірнеше тәсілдермен іске асады. Жалпы сөздер сөз мағынасының ұқсастығына, объектінің сыртқы түрінің ұқсастығына немесе функцияның ұқсастығына негізінде терминденеді. Ақпараттық технологияға қатысты термин сөздердің де ұлттық сөздерден

жасалуы барысында өзара іштей ұқсастығын көруге болады. Олар: *базан-столбец, кесте-таблица, пәрмен-команда, меңзер-курсор, тақта-панель, көз-источник, нобай-версия*.

Ұлттық тілдер терминологиясының келесі тәсілі – синтаксистік тәсіл. Бүгінгі күні көптеген терминдер синтаксистік тәсілді пайдалана отырып, терминологияда қолданылады. Олар әсіресе терминдерді басқа тілден аударғанда кеңінен қолданылады.

Сөздердің тіркесуінен жасалған жаңа Ақпараттық технология саласы терминологиясының үлкен бір тобын құрайды: *жаңсақ басылу-опечатка, тұқырып қалу-зависание, ақпараттық ұрлық-плагиат, бір үлгілеу-типизация*

Терминологияда бір ерекше ұғымның екіншісімен әр түрлі байланысын көрсететін атаулар және сол ұғымдардың түрлерін білдіретін атаулар жиі кездеседі. Әдетте мұндай атауларды бір сөзбен айту оңай бола бермейді. Сондықтан түрлердің атаулары болып табылатын терминдер логикалық жүйе бойынша тұжырымдаманың мазмұнын қамтамасыз ету мақсатында көп сыңарлы болып келеді.

Сөзжасам саласын зерттеген лингвистер сөзтеркесім тек терминологияда ғана емес, қазақтың жалпыхалықтық тілінде де нәтижелі әдіс екенін атап көрсеткен болатын. Солардың бірі Ш.Құрманбайұлы: «Сөзтіркесім – жаңа сөз жасаудың ең өнімді жолы. Қазақ тілінде зат немесе құбылыстың атын тіркестіріп атау жиі ұшырайды. Бұл сөздер аталым (номинация) дәрежесіне жеткен сөздер. Егер сөз тіркесі лексикалық тұтастыққа айналып, аталым дәрежесіне ие болғанда сөз тіркесі қызметін тоқтатады. Мұндағы басты қасиет – ұғымның атауы дәрежесіне жетуі» [3,56].

Қорытынды. Ғалымдар ұсынған классификацияға сәйкес, терминдерді құру әдістері ақпараттық технологиялар терминдерін құруда да өз орнын алады. Әлем тілдері арасында жалғамалы тіл тобына жататын қазақ тілінде жаңа атау жасауда сөз тудырушы жұрнақтардың яғни синтетикалық тәсілдің, жалпы қолданыстағы сөздердің қайта жаңғыруы яғни семантикалық тәсілдің және сөзтіркесімнің яғни синтаксистік тәсілдің қолданылуы терминдерді құруға үлкен үлес қосатындығын көреміз.

Көптеген басқа тілдердегідей, қазақ тілінің терминологиялық сөздігін толықтырудың ең құнарлы көзі Жалпықолданыстағы сөздер болып табылады. Жалпы сөздерді қолдана отырып, әр термин үшін ана тілімізден баламалы эквивалентті табу термин жасаудың негізгі ережесі екендігіне көзіміз жетті.

Әдебиеттер:

1. Аронов Қ.Ғ. А.Байтұрсынов – қазақ тіл білімі терминологиясының негізін салушы // Ахметтану және қазақ филологиясының өзекті мәселелері. А.Байтұрсыновтың 130

жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Орал, 2005, 36-38-б.

2. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. Алматы: «Сардар», 2014. - 928+16 жапсырма бет

3. Құрманбайұлы. Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. – Астана, 2004 -208б.

References:

1. Aronov Q.Ġ. A.Baitursynov – qazaq til bilimi terminologiasynyń negizin salýshy // Ahmettaný jáne qazaq filologiasynyń ózekti máseleleri. A.Baitursynovtyń 130 jyldygyna arnalǵan respýblıkalyq ǵylymy-praktıkalyq konferensıanyń materialdary. Oral, 2005, 36-38-b.

2. Qurmanbauly Sh. Qazaq terminologiasy: zertteýler, oqýlyq, sózdik, bibliografıa. Almaty: «Sardar», 2014. - 928+16 japsyrma bet

3. Qurmanbauly. Sh. Qazaq terminologiasy damýynyń ǵylymy qaǵıdattary. – Astana, 2004 - 208b

СПОСОБЫ ТЕРМИНАЛИЗАЦИИ ОБЩЕУПОТРЕБИТЕЛЬНЫХ СЛОВ В ОБЛАСТИ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

КАРАГУЛОВА Б.С., ЖЕКЕЕВА А.Т.

Актыбинский региональный университет им.К.Жубанова, Актобе, Казахстан

e-mail: bkaragulova@mail.ru, agu_93.20@mail.ru

Аннотация. В статье подчеркивается, что большинство языковых единиц, используемых в связи с развитием современной техники, а также в связи с тем, что все отрасли науки, образования реализуются информационными средствами, являются словами, относящимися к использованию информационных технологий, и в процессе перевода терминов в этой области информационных технологий используются способы терминообразования общеупотребительных слов. Согласно классификации, предложенной учеными, подходы к созданию терминов имеют свое место в создании терминов информационных технологий. В создании нового наименования в казахском языке, относящемся к языковой группе спряжения между мировыми языками, значит большая доля словообразовательных суффиксов, то есть синтетического подхода, словообразовательного, синтаксического, а также общеупотребительного, то есть семантического. Во многом терминализация слов общего пользования обусловлена каким-либо сходством понятия, существующего в языке, и понятия термина в терминологии. Это делается на основе сходства предметов или явлений, ограничений в пространстве или времени, близости или сходства их функций. В зависимости от семантического сходства слов, сходства внешнего вида предмета или сходства выполняемой функции обобщенно употребляемые слова

терминируются. В связи с информационными технологиями можно увидеть сходство между собой и в том, что термин состоит из национальных слов. Нахождение равноценной альтернативы каждому термину в нашем языке через общеупотребительные слова является основным правилом терминализация.

Ключевые слова: Информационные технологии, терминообразование, общеупотребительные слова, терминализация, синтетический подход, синтаксический подход, семантический подход.

METHODS OF TERMINOLOGIZATION OF COMMONLY USED WORDS IN THE FIELD OF INFORMATION TECHNOLOGY

B.S.KARAGULOVA, A.T.ZHEKEYEVA

K.Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, Kazakhstan

e-mail: bkaragulova@mail.ru, agu_93.20@mail.ru

Annotation. The article emphasizes that most of the language units used in connection with the development of modern technology, as well as due to the fact that all branches of science and education are implemented by information means, are words related to the use of information technology, and in the process of translating terms in this field of information technology, methods of term formation of commonly used words are used. According to the classification proposed by scientists, approaches to the creation of terms have their place in the creation of information technology terms. In the creation of a new name in the Kazakh language, which belongs to the language group of conjugation between world languages, there is a large proportion of word-forming suffixes, i.e. a synthetic approach, word-forming, syntactic, as well as commonly used, i.e. semantic. In many ways, the terminalization of common words is due to some similarity of the concept existing in the language and the concept of the term in terminology. This is done on the basis of the similarity of objects or phenomena, limitations in space or time, proximity or similarity of their functions. Depending on the semantic similarity of words, the similarity of the appearance of the object or the similarity of the function performed, the words used generically are terminated. In connection with information technologies, one can see the similarity between each other and in the fact that the term consists of national words Finding an equivalent alternative to each term in our language through commonly used words is the basic rule of terminalization.

Key words: Information technology, term formation, common words, terminalization, synthetic approach, syntactic approach, semantic approach